

«ТУҒАН ЖЕР, СЕНИҢ ДЕРТІҢ, — МЕНІҢ ДЕРТІМ»

Абай еліндегі антиядролық акцияның куәгері әнгімелейді



Үстіміздегі жылдың август айында жапонның Хиросима мен Нагасаки қалаларына атом бомбасы тасталғанына 44 жыл, ал ұлы Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кір жуып, кіндік кескен туған жерінде атом бомбасын сынаудың басталғанына 40 жыл толып отыр. Иә, Абай елі ядролық тажалдың тырнағына ілінгеніне 40 жыл, Әуелі ашық атмосферада, кейін 1963 жылдан жер астында атом қаруы жарылып, қазақ халқының қасиетті мекенін арса-арса етті. Тілімізді тістеп, құрмалдыққа шалынған қойдай кесепатқа үнсіз бой ұсынып, қапа болып, іштей құмығып жүре бердік. Тегідей екеш қой да, жан тәсілім берерде тұяқ серпеді емес пе? Сол сияқты осы ядролық сынаулар туралы алғаш ашына ақиқатын айтып, алға шыққан «Невада—Семей» антиядролық қозғалысы өмірге келмесе, кім біледі, жүре берер ме едік. Бұл қозғалыс от тілді, орақ ауызды ақынымыз, СССР халық депутаты Олжас Сүлейменовтің бастауымен құрылған болатын.

Міне, осы антиядролық қозғалыстың мұрындық болуымен Абай топырағын басқан қасиетті жерде тұңғыш рет халықаралық қуатты акция өткізілді. Оған Бейбітшілікті қорғау Советтік комитетінің председателі, жазушы және публицист Г. Боровик, академик Л. Бадалян және Ленинградтан, Москвадан, Белоруссиядан, сондай-ақ ФРГ-ден, Даниядан, Бразилиядан шетелдік қонақтар келді.

6 август күні Семей облысының Абай ауданының орталығы — Қарауылда «Невада—Семей» халықаралық акциясы өтті. Жиналған халық Қарауылтөбенің басына жиналды. Бұл жерді таңдап алудың да өзіндік мәнісі бар. 1953 жылы қуатты термоядролық бомба ашық атмосферада жарылғанда адамдарды осында бірнеше аптаға уақытша көшіріп өкелген.

Бұл акцияға Қарағанды об-

Р. С. Автор осы мақалаға тиесілі қаламақысын «Невада» қозғалысының Тұрғын үй-әлеуметтік банкісі Алматы қаласындағы бөлімшесінің 700844 есебіне аударуды сұрайды.

лысынан 14 адам барды. Делегацияны Қарағандыдағы «Невада» қозғалысының үйлестіру орталығының председателі М. Хамиев бастап келді. «Невада» қозғалысының бөлсенді мүшесі Қ. С. Бақтыбаев бүкіл семьясымен, үш баласымен барды. Оның ең кішісі үш жаста екен.

6 август күні кешкі сағат алтыда Қарауыл селосынан бірнеше километр жердегі төбеде митинг басталды. Бұл жерге көрші ауылдардан, елді мекендерден халық ағыла бастады. Біз де олармен араласып кете бардық. Араларында ақсақалдар, әйелдер, балалар бар. Егде адамдармен қатар тұрған шаштарын ақ қырау шалған балаларды көргенде таң қаласың. Ғалымдардың анықтағанындай бұл да атомның әсері көрінеді. Адамдардың қату қабақтарына, жабырқау көңілдеріне қарап тұрып, мына ауадағы аңызак аптап осы адамдардың ашу-ызасының лебіндей көрінді. Әйткені олар осындағы барлық сынаулардың жанында өмір сүріп жатыр. Оның ішінде жер бетінде жарылғаны, жер астында жарылғаны бар, әйтеуір атомның тырнағына ілінгендер. Абай елі адамдарының қасіреті, сондай-ақ халқымыздың қасіреті қабырғамызды қайыстырды.

Митингіні «Невада» қозғалысының лидері, ақын Олжас Сүлейменов ашты. Ол екі ядролық мемлекеттің басшылары М. С. Горбачев пен Дж. Бушқа арналған үндеуді оқып берді. Үндеуде ядролық жанталаса қарулануды тоқтатуға шақырған халық үні басым естілді. Соны айғақтағандай митингідегі мыңдаған алақандар аспанға сермелді.

Сөз сөйлеушілерде есеп болған жоқ. Олардың сөздерінде — ашу-ыза, қайғы-қасірет. Міне, микрофонға орден, медальдарын таққан Ұлы Отан соғысының ардагері көтерілді. Ол мұнда 14 жасар немересін ала келіпті.

— Мына баланы кім 14 жаста деп айтады. Бес жастағы мешел баладай, — деп ақсақал баланы жоғары көтере берді. — Бұл да атом жарылысының құрбаны. Немеремнің осы тағдыры үшін кім жауап береді?

Жантүршігерлік осы көрініс қырық жыл бойы қықыр мінез көрсетпей, бәрін ішіне түйген халықтың мәрттігін көрсеткендей. Бірақ, мәрттіктің дөшегі болады ғой. Мұны соғыс және еңбек ардагері Сламбековтің сөзінен анық аңғардық. 1953 жылы қуатты термоядролық бомбаны жарған кезде Абай, Абыралы аудандарының тұрғындары хауіпсіз жерге бірнеше аптаға көшірі-

ліпті. Ал, 40 адам сол жерде қалдырылған. Сол қырық адамнан жетеуі тірі қалса, соның бірі — осы кісі екен. Бұл жарылыстан кейін противогаз киген мамандар келіп, адамдарды тексерген. Олар кейінде Семей қаласындағы төртінші туберкулезге қарсы диспансер деген жазуы бар емдеу мекемесінде бақылауда болған. Бұл мекеме осыдан бір ай бұрын ғана Семейдегі конференциядан кейін шын атымен аталатын болды. Адамдарға жануарлардай тәжірибе жасау деген осы болар. Бұл тек сталиндік, брежневтік әкімшілік пен әкімдік билеп-төстеген заманда, тоқырау жылдары толықсып тұрғанда ғана мүмкін болды.

Акцияға қатысушылар осының бәрін құлақтарымен естіп, тірі куәгерлерді көздерімен көрді. Олар да бізбен бірге қиналды, бізбен бірге қайғырды. Қолдарынан келгенше көмек-қолдау көрсетуге ниет білдірді. Мәселен, Бейбітшілік қорғау Советтік комитетінің председателі, публицист Г. Боровик өз сөзінде: Семей облысының денсаулық сақтау ісін дамыту үшін комитет 50 мың доллар бөлетінін айтты. Жақсы пейіл, ыстық ықылас жан сүйсінтеді, халықтың шеккен зардабын жеңілдететі түседі емес пе? Осы халықаралық акцияға арнайы келген Қазақстан мұсылмандарының басшысы Ратбек қажы барлық ұлт ұрпақтарына амандық тілеп, құлшылық етті. Полигонға теріс батасын берді. Әйтеуір бұл күні кім болсын ядролық жарылысқа қарсылығын өзінше білдіріп жатты.

Халқымыз ертеде отқа табынған ғой. Сол ырыммен Қарауылтөбенің етегіне екі жерден алау жағылды. Акцияға қатысушылар қолдарын жоғары көтеріп, алақандарын полигон жаққа қаратып өкіоттың ортасынан өтті. Мұның өзі атом кеселінен, пәле-жаласынан арылу рәсімін білдірді. Осы кезде композитор Т. Мұхамеджанов пен ақын Ұ. Есдәулетовтің осы акцияға арнап жазған «Заман-ай» әні ырқалды. Сан ұлттың өкілдері Қарауылтөбенің бауырынан тас жинап, қорым жасады. Бұл да атом кесепатының құрбандарына, болашақ құрбандарына орнатылған ескерткіштей болды.

Қазір ғой біз «Чернобыльді» — трагедия дейміз де, Семейді — «сынақ» дейміз. Енді бәрін өз аттарымен атайтын да кез келген шығар. Егер біз осыдан қырық жыл бұрын Семей полигоны туралы, оның кесепаты туралы ашық айтқанда, кім біледі, Чернобыль трагедиясы болмас та еді. Енді міне Абай елінің арса-арса болған жерін,



дертке шалдыққан халқын көріп, күйінеміз. Бұл бір облыстың ғана қасіреті емес, халқымыздың қасіреті. Яғни, ақын сөзімен айтқанда «Туған жер, сенің дертің — менің дертім».

Н. ИЗБЕМБЕТОВА,
«Невада—Семей» халықаралық акциясына қатысушы,
Қарағанды политехникалық институтының инженері.

СУРЕТТЕРДЕ: Бейбітшілік қорғау Советтік комитетінің председателі, публицист Г. БОРОВИК сөз сөйлеп тұр (оның артында «Невада—Семей» қозғалысының лидері қазақ ақыны О. СҮЛЕЙМЕНОВ); митингіге қатысушылар өздерінің жүрек қарды пікірлерін плакат тілімен білдірді. Суреттерді түсірген В. Минин.